




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress



mangistaumunagaz_jsc

№08 (166), ҚЫРКҮЙЕК, 2023



**Мұнайшылар күні және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
60 жылдық мерейтойы құтты болсын!**



Аса қадірлі мұнайшылар!

Мен Маңғыстау тұрғындары мен «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның мұнайшыларын 60 жыл бойы мұнай-газ өнеркәсібіне қосқан баға жетпес үлесі үшін ризашылығымды білдіре отырып, құттықтағым келеді. Сафи Өтебаев, Нәсіпқали Марабаев, Николай Петров, Жолдас Тоқжанов, Қайып Азанбаев, Валентин Токарев, Халел Өзбекғалиев, Салық Рысқалиев, Хасан Тәжиев, Ләззат Қиынов, Сағын Қырымқұлов, Өрен Сағындықов сияқты Маңғыстау мұнайын алғашқы болып ашқан жандардың есімі біздің мақтанышымыз. Бүгінде тарихы терең өнеркәсіп осындай тұлғалардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Компания мұнайшыларының күнделікті толассыз жұмысы осы саланың өркендеуі мен дамуына жол ашты. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы өңірдің дамуы үшін жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Мұндағы еңбек ұжымы әлеуметтік-кадрлық саясат пен өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарын қоса алғанда, түрлі салаларда озық тәжірибе көрсетуде.

Компания сонымен қатар, әлеуметтік бағдарламаларға және өңірдің инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысады. Құрметті мұнайшылар, сіздер үшін бүгінгідей маңызды мерекеде құттықтауымды қабыл алыңыздар! Баршаңызға зор денсаулық пен амандық тілеймін!

Нұрлан Ноғаев
Маңғыстау облысының әкімі

ҚҰРМЕТТІ «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» ҰЖЫМЫ!

Сіздерді еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуында өзіндік орны бар, тамырын тереңге тартқан ірі өндірістік орын – «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясының 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінде аталған компания заман талабына сай өсіп-өркендеп, инновациялық технологияларды енгізе отырып, мұнай-газ саласында көшбасшы ұйымға айналды.

Сонымен бірге, мемлекетіміздегі әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруға белсене араласып, халықтың жағдайын жақсартуға, тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосып келеді.

Осы бағытта сіздердің, яғни ұжым қызметкерлерінің ықпалы ерекше екені сөзсіз.

Компанияның әрбір жетістігі сіздердің біліктілік, еңбекқорлық, табандылық қасиеттеріңіздің жемісі деп білеміз.



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымына!

Жерінің асты қазынаға, жерінің үсті аңызға толы киелі Маңғыстау өңірі – құтты өлке.

Өңірдегі мұнай-газ кен орындарының басым бөлігін игеру «Маңғыстау-мұнайгаз» бірлестігінің үлесіне тиесілі.

Бүгінде өзіндік дәстүрі мен терең тарихы бар «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына 60 жыл толып отыр. Сол аралықта өңір мұнайшылары еліміздің мұнай мен газ өндіру саласына, экономика-мыздың әлеуетін арттыруға сүбелі үлес қосып келеді.



Сондықтан, барша жұмыс қызметкерлерінің мерейтойлық қуанышына ортақтаса отырып, әрбір азаматқа, әрбір отбасына зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Ел алдындағы жауапты жұмыстарыңыз толағай табыстарға жеткізсін!

Құрметпен,
Ерлан Қошанов
ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы

Осы орайда «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіпорнының ардагерлерін және барлық қызметкерлерін 60 жылдық мерейтойларымен құттықтаймын!

Еңбекте табыс, әр бастамаларыңызға жарқын жетістіктер тілеймін!

Әрқашан аспанымыз ашып, еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай!

Құрметпен,

Б.Ізмұхамбетов
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ
Орталық кеңесінің төрағасы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ҚҰТТЫҚТАУЛАР



Қадірлі әріптестер!

Бүгін мұнай өндіретін бір ғана ұжымның мерейтойы емес. Бұл күнді өз басым ел тарихындағы елеулі оқиға деп білем. Ойлап қарасақ, 60 жыл деген аз уақыт емес... Осы уақыт аралығында еліміз талай тарихи кезеңді басынан өткерді.

Кеңестік дәуірде қалыптасып, егемендігімізді жариялаған заманда өрісі кеңейген «МаңғыстауМұнайГаз»-дың жүріп өткен жолына қарап ел тарихындағы маңызды белестерді көз алдымыздан өткіземіз.

Ел байлығын еселеген ерлердің еңбегін бағалап, бас иеміз.

«Бұл дүниеде не жетім? Кім қажетсіз болса – сол жетім», - деп Қашаған жырау бекер айтпаған. Халқының қамын ойламаған, еліне

пайдасы тимеген адамның қажеті де шамалы.

60 жылда Жетібай мен Қаламқастай қазыналы кеніштен 282 млн тонна қара алтын өндірген, былтырдың өзінде 428 млрд теңгеден астам салық төлеп, мемлекет қоржынын толтырған сіздердің еңбектеріңіз ЕРЛІКПЕН пара-пар!

Маңғыстауды қасиет дарыған құт мекен деп бекер айтпайды қазақ. Қай жағынан алсаңыз да, бай өлке:

- өнеріне зер салсақ – Абыл, Қашаған, Нұрым, Сүгір, Мұрын жыраулардан талай ұрпаққа рухани азық болар баға жетпес мұра қалғанын білеміз,
 - тарихына үңілсек – 362 әулие мекендеген қазақ жасампаздығының шежіресі ашылады,
 - ал жер астындағы байлығын айтпаса да түсінікті!
- Осындай киелі жерде туып өскен сіздер – бақыттысыздар!
Бастарыңыздан бақ таймасын!

**Құрметпен,
Мағзұм Мырзағалиев
«ҚазМұнайГаз» ҰАҚ Басқарма төрағасы**

Құрметті әріптестер! Құрметті серіктестер!

Сіздерді Қазақстанның мұнай және газ өнеркәсібі кешені қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Мұнай-газ секторы қызметкерлерінің ауыр еңбегі әрдайым зор құрметке ие, себебі бұл стратегиялық маңызы бар сала.

Еңбек жолында кәсіби даму мен мол табыс тілей отырып, алға қойған жоспарларыңыздың әрқашан жүзеге асуына, биік шыңдарды бағындыра беруіңізге шын жүректен тілектеспіз.

Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық пен бақыт тілейміз.

**Ізгі тілекпен,
«ҚазГерМұнай»**

Құрметті Мұрат Кеңесбайұлы!

Сізді кәсіби мереке - мұнай-газ кешені қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Мұнай-газ кешені мемлекет экономикасының негізі, басты салаларының бірі. Еліміздің экономикалық, әлеуметтік қарқынды дамуы, халықтың әл-ауқатының жақсаруы сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, еңбегіңізге табыс, отбасыңызға амандық тілейміз! Алға қойған мақсат-тілектеріңізді абыроймен жүзеге асыру жолында сіздерге сәттілік болғай!

**Ізгі тілекпен,
Қ.М.Қасымғалиев
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС Бас директоры
Чжао Цзичэнь
Бас директордың бірінші орынбасары**



**Құрметті әріптестер,
сіздерді «Маңғыстаумұнайгаз»
акционерлік қоғамының 60 жылдық
мерейтойымен шын жүректен
құттықтаймын!**

Маңғыстаудың алғашқы мұнай-газ кен орындары ашылып, түбектің мол қазынасын игеруге кіріскен кезден бастап Қазақстанның мұнай өндіру саласымен қатар дамыған, шежірелі тарихы мен қалыптасқан дәстүрі бар еліміздің ең ірі мұнай-газ компанияларының бірі алпыс жыл бойы ел экономикасының маңызды тірегі саналатын негізгі өндіруші саланың дамуына, ұлт қазынасының арта түсуіне сүбелі үлес қосып, кәсіпорынның жылдар бойы қалыптасқан игі дәстүрлерін, өзіндік келбетін сақтап, заман талаптарына сай жылдан жылға әлеуетін арттырып, уақыттан қалыспай қарыштап дамып келеді, келешекте де ел экономикасының дамуы мен халқымыздың әл-ауқатын арттыруға қосар үлестеріңіз зор боларына кәміл сенеміз.

Құрылған күнінен бастап осы алпауыт кәсіпорында әр жылдары қызмет еткен, аймақтың ғана емес, бүкіл республикамыздың дамуына зор еңбек сіңірген ардақты ардагерлерімізді ерекше атап, «Мұнайшы» қорының атынан алғысымызды білдіреміз!

Мерейтой иелеріне толағай табыстар мен жаңа жетістіктер, ұжым мүшелері мен олардың отбасыларына амандық-саулық, бақ-береке тілеймін! Есіл еңбектеріңіздің жемісін көріп, ұзақ әрі бақытты ғұмыр кешіңіздер! Еліміз аман, аспанымыз ашық болсын!

Құрметпен,

**Р.Исаев
Н.Ө. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының
атқарушы директоры**

Құрметті сала ардагерлері, әріптестер, достар!

Н.Ө. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры сіздерді кәсіби мерекеңіз – Қазақстанның мұнай-газ кешенінің қызметкерлері күнімен құттықтайды!

Мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні алғаш 1980 жылы 1 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының №3018 «Мереке және атаулы күндер туралы» қаулысымен бекітілген болатын. Тәуелсіз Қазақстанда Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні 2003 жылы Қ.Р. Президентінің қаулысымен ресми бекітілген. Содан бері жыл сайын қыркүйек айының бірінші жексенбісінде Қазақстанда мұнайшылар өзінің кәсіби мерекесін атап өтеді.

Биыл бұл күн мерейлі той – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар келіп тұр. Еліміздің мұнай-газ өнеркәсібінің даму тарихы жарқын беттерге толы. Егемендік алғаннан кейін отыз жылдың ішінде Қазақстан әлемдегі аса ірі мұнай экспорттаушы 15 елдің қатарына қосылды. Бұл жетістік – мұнай-газ саласына бар қажыр-қайратын, білімін сарп еткен, қиын кәсіптің бар сынағына төзе білген, сөйтіп Қазақстан экономикасының нығаюына жеке үлесін қосқан мыңдаған геолог, мұнайшы, газ өндіруші, тасымалдаушы, қарапайым жұмысшы және басшы мамандардың ерен еңбегінің жемісі.

Мұнайшы кәсібі – өте қиын әрі мәртебелі кәсіптердің бірі. Мұнайшылар күні – зор сынақтарды күн сайын өткеріп жүрген болаттай берік азаматтардың төл мерекесі. Мұнай-газ саласының әрбір қызметкері, әрбір кәсіпорны мемлекеттің тағдырына өз үлесін қосып келеді. Бүгінгі таңда еліміздің мұнай-газ кешені оның өркендеуінің негізі, айбыны мен әл-ауқатының символына айналды. Еліміздегі экономикалық ахуал, азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігі осы әріптестеріміздің еңбегіне тәуелді. Кәсіпқойлық, табандылық, еңбекқорлық, жауапкершілік – осының бәрі табысқа жетелейтін игі қасиеттер. Күнделікті жұмыс барысында бұл қағиданы ешқашан естен шығарған емеспіз.

Биылғы жыл мұнай-газ саласы үшін, жалпы Қазақстан экономикасы үшін оңай болмағанын түсінеміз. Бұл барша жұрттың басына түскен ауыр сынақ болды, дегенмен Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 25% құрайтын мұнай-газ саласы бұрынғыдай ел экономикасының қозғаушы күші болып қалуда. Алда республикамызды алға жетелер ауқымды, күрделі әрі қызықты талай жұмыс күтіп тұр!

Ардақты мұнай-газ саласының еңбеккерлері, төл мерекеңізде сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, мол бақыт, құт-береке мен ұзақ ғұмыр тілейміз!

**Ізгі тілекпен,
А.Құлыбаев
Н.Ө. Марабаев атындағы «Мұнайшы» Қоғамдық қоры
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы**





**Құрметті мұнайшылар,
әріптестер!**

Сіздерді кәсіби мереке - Қазақстан мұнай-газ кешені қызметкері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы 2023 жыл Маңғыстау түбегі үшін елеулі жыл - мерекелі жыл болды. Маңғыстау облысына 50 жыл, Ақтау қаласына 60 жыл, Маңғыстау ауданына - 95 жыл, Қарақия ауданына - 60 жыл, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ - 60 жыл. Атаулы мерекелермен Мұнайшылар күні де қатар келді.

Тәуелсіз еліміздің туын көкке көтеріп, ел экономикасының дамуына елеулі үлесін қосқан мұнайшылар туралы мақтанышпен айтуға болады.

Бүгінде «Oil Services Company» ЖШС айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Осы тұрғыда бізге артылған үміт те, жауапкершілік те үлкен.

Ел дамуында басты тұғырда тұрған, жер қойнауындағы қара алтынды ел игілігіне жарату мақсатындағы ерен еңбектеріңіз жемісті болып, абырой биігінен көріне беріңіздер!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңыздың амандығын тілеймін.

**Құрметпен,
Н.Таменов
«OSC» ЖШС Бас директоры**

Құрметті Мұрат Кеңесбайұлы!

Сізді ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің ел ырысын еселеп, саланы дамытуға қосып келе жатқан үлесіңіз орасан зор. Мол тәжірибені бойына сіңірген өзіңіздей кәсіби білікті маман әр мұнайшыға үлгі. Алдағы жоспарларыңыз бен тың бастамаларыңызға толағай табыс тілейміз!

Деніңіз сау, отбасыңыз аман, қызметіңіз табысты болсын!

**Құрметпен,
Н.Сүйінов «Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры
Лю Цинго Бас директордың бірінші орынбасары**



**Құрметті әріптестер,
«Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы!**

ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлері күнімен қатар келген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдық мерейлі мерекесі құтты болсын!

«Кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгілердің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қалай қарқ қыламыз?!» деген Әбіш Кекілбаевтың дана сөзі бар. Компания қызметкерлерінің ынтымағы мен бірлігі – еңбек ұжымының әлеуметтік тұрақтылығының кепілі десек, осы тұрғыда компанияның ел дамуындағы атқарған ажарлы істері айқын дәлел.

Ел игілігін еселеуде «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы мен Кәсіподақ ұйымы арасында орнаған тығыз әріптестік қарым-қатынастың біз үшін маңызы зор.

Мұнайшылардың лайықты өмір сүруі, қызметкерлердің хал-ахуалын жақсарту бағытында бірлесіп атқаратын абыройлы мақсат-мұраттарымыз көп болсын! Алдағы уақытта да ұжым сеніміне селкеу түсірмей, жауапкершілік жүгін қайыспай көтеретіндеріңізге сенеміз.

Компания қызметінің жандануына, жаңғыруына адал қызмет етіп жүрген барша жанашыр әріптестерімізді, ұжымды төл мерекесімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

**Құрметпен,
Мәди Кентанов
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

**Құрметті мұнай-газ саласының
барша қызметкерлері!**

Сізді Маңғыстау мұнайшыларының қара шаңырағы - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдық мерей тойымен «Маңғыстауэнергомұнай» еңбек ұжымы және өз атымнан шын жүректен құттықтаймын!

Өңіріміздегі мұнай өндіру саласындағы мекемелердің негізін салушы, бүгінгі таңда ынтымағы жарасқан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы дүние-жүзілік сан қилы трендтер мен өзгерістерге қарамастан, мұнай-газ саласының флагманы ретінде еліміздің экономикасын дамытуда зор үлес қосып келеді.

Акционерлік Қоғамның дамуы мен өркендеу жетістіктерінде, сондай-ақ, мұнай өндіру процестерінің энергетикалық қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыру қызметтерін қамтамасыз ету мен қазіргі заманауи инновациялық жобаларды іске асыруда біздің, «Маңғыстауэнергомұнай» ұжымының да өзіндік үлесі барын үлкен жауапкершілікпен сезініп, зор мақтаныш етеміз.

Мерейлі мереке тұсында «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымын және осы бағыттағы мұнай-газ сервис мекемелерінің барлық қызметкерлерін қос мереке - мұнайшылар күнімен және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдық мерей тойымен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбасыңызға амандық, игілікті істері мақсаттарыңызға сәттілік пен жаңа бастамаларыңызға белсенділік тілейміз.

**Ізгі тілекпен,
Н. Косбаев
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директоры**

**Құрметті мұнайшылар,
әріптестер!**

Сіздерді Мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлер қоғамының 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Мұнай кен орындарында ел қуаты – қара алтынды игеруде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлер қоғамының алып отырған орны ерекше. Осы уақыт ішінде мұнайшылардың ерен еңбегі арқасында қоғам өңірде мұнай өндіру саласының қалыптасып, дамуына зор үлес қосты. Мұнай өндірісі аймақтың жан-жақты дамуына, ел экономикасының өрлеуіне себеп болды. Мұнайшы әріптестер барлық уақытта өрелі істер тындыруда жоғары кәсіби шеберлік, ынталы еңбек, іскерлік пен біліктілік, биік адамгершілік қасиеттердің үлгісін көрсетіп келеді.

Ел экономикасының локомотиві болып отырған саланың көшбасшысы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сынды мұнайгаз кәсіпорнының мемлекеттік маңызы бар жоспарларын орындау жолындағы екпінді жұмысы толассыз жүруі үшін керекті объектілердің құрылысы және оларды қайта құрылымдау, жаңғыртуда еншілес ұйымдардың бір жолға қойылған жұмысы, көп жылғы ынтымақтастық, достық, іскерлік қарым-қатынасымыздың арқасында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп келеміз.

Мемлекетіміз нығайып, экономикасының өркендеуіне зор үлес қосып отырған ұжымыңыздың әр отбасына амандық, табысты еңбек, жарасты тұрмыс, мол дәулет тілейміз.

Жерімізді табиғи байлықтарын ашып, игеру сияқты іргелі жұмыстарды табысты атқарып, мұнайгаз кешенінің қуатын арттыра беріңіздер! Алдағы уақытта да мұнайшылар қауымының асқаралы асуларды бағындырып, асқақ биіктерден көріне беруіне тілектеспін!

**Құрметпен,
Нұрбол Ділмағамбет
«Oil Construction Company» ЖШС Бас директоры**





Өндірісті өлкемізде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60-жылдығымен қатар мұнайшылар мерекесі кең көлемде тойланды. Осынау мерейлі мейрам өркеніетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеген шикізаттың шежіресі бастау алған Қаламқас кенорнында атап өтілді. Маңғыстау мұнайшыларының мерекесі толассыз құттықтау лебіздер мен игі шараларға, құрмет- қошеметке толды. Вахталық қалашықтың орталық алаңында қаз-қатар тігілген ақшаңқан киіз үйлер мен соңғы үлгіде безендірілген сахна мерейлі мерекеге дайындық деңгейінің жоғары екенін аңғартып тұрды.



Мерекелік іс-шаралар спорттық ойындармен басталды. Кенорнында «ОСК» ЖШС күшімен салынған су жаңа футбол алаңында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «ОСК» ЖШС футбол командаларының арасында жолдастық кездесу өтті. Тартысты футбол матчы тең есеппен (3:3) аяқталды. Мерекеге жиналған еңбеккерлер мен той қонақтары боз кілемге шыққан мұнайшы палуандардың бір-біріне дес бермей белдескендерін тамашалап, спортшыларға ерекше қолдау көрсетті, тілеулері, жанкүйерлері болды.



Мерекенің салтанатты бөлігінде кенорын еңбеккерлерін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдығымен және ҚР мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен Маңғыстау ауданының әкімі Ғалымжан Ниязов, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігінің департамент директоры Аманғали Нұрдаулетов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев, компания кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

Қаламқаста мұнай-газ игеруге атсалысып жүрген сервистік компаниялардың басшылары да мұнайшыларды құттықтап, оларға ерен еңбектері үшін алғысын білдірді.

Мереке мұнайшыларды марапаттау рәсімімен жалғасты. Еңбек озаттары ««Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жыл» мерекелік медалімен, Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды. Кезек

Мерекеге жиылған мұнайшыларды Қарақия ауданының әкімі Сымбат Төретаев, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Ақтау қаласы өкілдігінің басшысы Аманғали Нұрдаулетов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ директоры Мұрат Мұстафаев, бас директордың бірінші орынбасары Сой Шиго және кәсіподақ төрағасы Мәди Кентанов құттықтап, ақ тілектерін білдірді. Ақжарма тілектер, құттықтау лебіздер айтылғаннан кейін ел ырыздығын еселеуде жемісті еңбек еткен бірқатар еңбек адамдарына құрмет көрсетілді. Екпінді еңбек тынысын толостатпай, кенорнында өндірістің қазанын бұрқ-сарқ қайнатып жүрген мұнайшыларға Басқарманың Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60-жылдық мерекелік медалі табысталды. Бұл күні қазақша күрес, арқан тартыс сынды ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды.

Сахнада Қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Жетібай жұртшылығына ұмытылмастай әсер сыйлады.

Айшықты 60 жылдық асуды атап өту компанияның бас кеңсесінде салтанатты түрде жалғасты.

Игілікті іс-шарада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев, бас директордың бірінші орынбасары Сой Шиго, кәсіподақ төрағасы Мәди Кентанов қызметкерлерді кәсіби мерекесімен құттықтады. «Маңғыстаумұнайгаз» мұнайшылары



мерекелік концертке келді. Танымал әншілердің кеші кенорында дүркіреп өтті. Қаламқас мұнайшылары шеберлікпен орындалған әсем әндерге қошемет білдіріп, әсем әндері үшін алғыстарын айтып жатты.

Дәл осындай думанды той Маңғыстау мұнайының қара шаңырағы-Жетібай кенорында жалғасты. Қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, қазандарға ет асылды.



60 ЖЫЛДЫҚ – АЙШЫҚТЫ АСУ

Басқарманың Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдық мерекелік медалімен марапатталды.

Жиын соңы М.Өскінбаев атындағы облыстық филармония өнерпаздарының концертіне ұласты.

Мерейлі мереке Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдығына арналған салтанатты жиынмен басталды. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Нұрлан Ноғаев, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Вэй Ю Сян, өңіріміздегі мұнай-газ компанияларының басшылары, сала ардагерлері мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері қатысты. Іс-шара аясында мұнай-газ саласының ардагерлері мен қызметкерлері «Еңбек



ардагері», «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгілерін, ҚР Энергетика министрілігінің марапаттарын алды. Олар сондай-ақ «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ-нан грамоталар мен естеліктер, облыс әкімі Нұрлан Ноғаевтың алғыс хаттарына ие болды. Өңір басшысы Нұрлан Ноғаев мұнайшыларды құттықтап, олардың облыс экономикасының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін ризашылығын білдірді. «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы М.Мырзағалиев «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы өңірдің және елдің мұнай өнеркәсібі тарихында ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Мерекелік іс-шарада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Вэй Ю Сян мұнайшыларды төл мерекесімен, және компанияның 60-жылдығымен құттықтап, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы мен басшылығына, сервистік және мердігер компанияларға ерен еңбектері үшін алғысын білдірді. Мерекелік жиын қазақ эстрадасының



Бас директор Мұрат Мұстафаев пен Бас директордың бірінші орынбасары Сой Шиго салтанатты кештің қонақтарына алғыстарын айтып, оларға мықты денсаулық, отбасыларына құт береке, еңбектеріне толағай табыстіледі.

Салтанатты кеш санаулы уақытқа

сыйғанмен, алған әсер, шалқыған көңілдің желігі жылдар бойына жылы естелік боп қалатыны сөзсіз.

Өткенсіз бүгін жоқ. Қас-қағым уақытпен дөңгелеп 60 жыл да өте шықты. Көңілге демеу - кейінде айта жүрер жақсы іс, өшпес қолтаңба қалды.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Бас директор төрағалығымен
өткен жиын

23-24 тамыз аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы «Қаламқасмұнайгаз», «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ еңбек ұжымымен есептік кездесуін өткізді. Бас директор Мұрат Мұстафаевтың төрағалығымен өткен бұл жиында 2023 жылдың I-жарты-жылдығында атқарылған жұмыстардың қорытындысы талқыланды.

Кездесуге қатысқан бас директордың орынбасарлары мен департамент директорлары ұжымды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайы, кенорындардағы мұнай-газ қоры, компанияның мұнай-газ өндіру



жоспарының орындалуы, геологиялық-барлау жұмыстары, экономикалық-қаржылық көрсеткіштер, кадрлық және әлеуметтік мәселелер туралы баяндама жасады.

Компания басшысы өз сөзінде әлеуметтік-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған шараларды қолға алудың маңызы зор екенін атап өтті.

Басқосу соңында мұнайшылар көкейлерінде жүрген өндіріс зияндылығы, жұмыспен қамту секілді сұрақтар қойып, басшылық тарапынан толыққанды жауаптар алды.

Есептік кездесу аяқтала бере, М.Мұстафаев өндірісте ұзақ жыл елеулі қызмет істеген мұнайшыларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ - 60 жыл мерекелік медалімен марапаттап, еңбектеріне табыс тіледі. Салтанатты шараның соңы М.Өскінбаев атындағы филармония әртістерінің мерекелік ән-шашуына ұласты.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Басқарманың 11.09.2023 жылғы №864-к бұйрығы негізінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары болып Нұрболат Мәлікұлы Құсайынов тағайындалды.



Нұрболат Құсайынов 1982 жылы 12 мамырда Атырау қаласында дүниеге келген. 2005 жылы Атырау мұнай және газ университетін «Мұнай және газ кенорындарын игеру» мамандығы бойынша

тәмамдаған. 2014 жылы КАЗГЮУ Бизнес мектебі MBA Қазақ гуманитарлық-заң университетін «Іскерлік әкімшілендіру магистрі», 2015 жылы UBIS Халықаралық оқыту бизнес университетін «Мұнай-газ саласының менеджменті» мамандығы бойынша бітірген.

Н.Құсайынов еңбек жолын 2002 жылы Атырау қаласындағы «Қазмұнайгаз» ҰК «ЦТИ» ЖШС-де 2-дәрежелі инженер болып бастады. Бұдан әрі Ғылыми-зерттеу және жобалау институты «Каспиймұнайгаз» АҚ аға инженер, жетекші инженер, 2010-2015 жылдары БӨ АҚ «Қазмұнайгаз» игеру департаментінің жетекші инженері, 2015-2018 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ кенорындарын игеру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

2018-2020 жылдары «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Кенорындарын игеру жөніндегі Басқарушы директор, 2020-2023 жылдары «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ кенорын игеру және кәсіпшілік геология басқармасының бастығы болып қызмет атқарды.

Үйленген, 1 бала тәрбиелеп отыр.

Басқарманың 16.08.2023 жылғы № 762 к/к бұйрығы негізінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының бірінші орынбасары Мақсат Көмекұлы Нұрғабылов «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы лауазымына тағайындалды.



Мақсат Нұрғабылов 1974 жылы 15 желтоқсанда Маңғыстау облысында дүниеге келген.

1996 жылы Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ды «Инженер-геофизик» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2002-2005 жылдары Ш. Есенов атындағы университетте (Мұнай және газ кен орындарын игеру) білім

алды. 2022 жылы Алматы Менеджмент университетіне оқуға түсті. (Іскерлік әкімшілендіру. Менеджмент және басқару).

М. Нұрғабылов еңбек жолын 1996 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨК-4 4-дәрежелі Мұнай және газ өндіру операторы болып бастады. Бұдан әрі «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨК-4 Техник-геолог, геолог, шебер, бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.

2007-2011 жылдары «MEERBUSH» ЖШС және «CaspiOilGas» ЖШС-де қызмет етті.

2011 жылғы сәуірден 2018 жылғы қарашаға дейін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-да: бастықтың орынбасары, ҚҚҰЦ бастығы, ПЖПЖЦ ЭУ учаскесінің бастығы, ӨТБ жетекші инженері, ӨТБ өндіру жөніндегі топтағы бөлім бастығының орынбасары, басшының орынбасары, ОИТҚ басшысы болып жұмыс істеді.

2018-2019 жылдары - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МДӨЦ бастығы.

2019 жылдың маусым айынан бастап «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды.

Үйленген, қызы бар.

Басқарманың 16.08.2023 жылғы №762-к/к бұйрығы негізінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып Сағыныш Орысбайұлы Оразбаев тағайындалды.



Сағыныш Оразбаев 1979 жылы 6 желтоқсанда Маңғыстау облысында дүниеге келген. 1998 жылы Маңғыстау политехникалық колледжін «Мұнай және газ кенорындарын пайдалану» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2001 жылы Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ды «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Сағыныш Оразбаев еңбек жолын 1998 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-да МГӨК-4 3-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы болып бастады. Бұдан әрі «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-да МГӨК-4 шебері, МГӨК-3 мұнай және газ өндіру жөніндегі инженері, ОИТҚ ауысымының бастығы, МГӨК-4 бастығының орынбасары, МГӨК-2 бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.

2011-2013 жылдары «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-да МГӨК-3 бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары болып қызмет атқарды.

2013-2016 жылдары - "ҚМГ Қашаған Б.В." АҚЖК-сы арқылы "Қазмұнайгаз ҰК" АҚ-ның Солтүстік Каспий жобасы шеңберінде халықаралық тағылымдамаға дайындық.

2016-2018 жылдары - Италиядағы Милан қаласында ENI International Resources компаниясында халықаралық тағылымдамадан өтті.

2018-2020 жылдары «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-да ОИТҚ басшысының орынбасары, МГӨК-2 бастығы болып жұмыс істеді.

2020-2021 жылдары - «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ арқылы «Теңізшевройл» ЖШС-де тағылымдамадан өтті.

2020 жылдың мамыр айынан бастап «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ-да өндірістік-технологиялық бөлімінің ұңғымаларды ағымдағы жөндеу тобында бөлім бастығының орынбасары болып қызмет атқарды.

Үйленген, 4 бала тәрбиелеп отыр.

Мердігерлермен мәміле мәселені шешеді

Тамыз айының 31 күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде осы жылдың 8 айдың қортындысы бойынша Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, жол қозғалыс қауіпсіздігі жөнінде жиын өтті.

Жиналысқа отыздан аса мердігер ұйымдардың Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшылары мен мамандары қатысты. Жиынды ашқан Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы Б. Ләтіп мердігер ұйымдардың өкілдерін Қазақстан Республикасының ата заңы және мұнайшылар күнімен құттықтады. Сонымен қатар Бауыржан Бергенұлы өз сөзінде жазатайым оқиғаның, инцидент пен апаттың алдын алу, өндірістік жарақаттануды және жол көлік оқиғасын болдырмау, сондай-ақ мердігер/қосалқы мердігер мекемелермен, қоян қолтық жұмыс жасап, өз-ара іс-қимылды жақсарту үшін «ҚМГ» ҰК АҚ берілген іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуын ұйымдастыру мақсатында компанияның бас кеңсесінде әр тоқсан сайын, Қаламқас,

Жетібай кенорындарында әр ай сайын жиналыс өткізілетінін атап өтті.

Жиын барысында мердігер ұйымдарының жұмыстары туралы презентация көрсетіліп, өнеркәсіптік қауіпсіздік тобының жетекшісі М. Яшев баяндама жасады.

Баяндамада Қаламқас, Жетібай кенорындар аумағында қызмет ететін мердігер ұйымдардың кестеге сәйкес өндірістік бақылау кезіндегі сәйкессіздіктердің жоғары қауіптілік жұмыстар кезінде болған бұзушылықтарға талдау, 2023 жылдың 22-26 мамыр аралығында «ҚМГ» ҰК АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің анықтамасына сәйкес, мердігерлік ұйымдар бойынша анықталған сәйкессіздіктерді талқылау, «Бозашымұнай» ЖШС, «Оңтүстік Қаратұрын» кенорында



болған апат бойынша жасақталған іс-шараларды талқылау, «Өмірлік маңызды қағидалар» «Қолдар мен саусақтардың жарақаттануы», «ЖКО тоқтату» бойынша мердігер ұйымдарының барлық жұмысшыларына бейнематериалдармен презентация түрінде жеткізу арқылы ақпараттандыру керектігі көрсетілді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің жетекші инженері Қ. Мұханов мердігер ұйымдарға арналған

«Қауіпсіз өндіріс» атты электрондық жобасының электрондық модулі презентациясын таныстырды.

Жиын соңында Бауыржан Бергенұлы мердігер ұйымдар өкілдеріне «көздеген мақсат бір болғандықтан әр маман өз лауазымдық нұсқаулығына сәйкес, жұмысына жауапкершілікпен қараса» өндірістік жарақаттануды, жол көлік оқиғасын және инцидент пен апаттың алдын алуға болатынын айтып өтті.

Подари отходам вторую жизнь!

Одной из задач уполномоченного органа в области охраны окружающей среды является информирование о работе по переработке и утилизации отходов в средствах массовой информации для ознакомления населения и общественности региона.



Учитывая данный посыл, АО «Мангистаумунайгаз» организовало пресс-тур с целью наглядной демонстрации работ по очистке замазученных территорий. Напомним, что 2019 году между Министерством экологии и АО «НК «КазМунайГаз» был подписан Меморандум по очистке, ликвидации и рекультивации «исторических» замазученных территорий. В пресс-туре приняли участие журналисты местных и республиканских СМИ, представители государственных органов, руководство департамента экологии Мангистауской области и др. В ходе пресс-тура участникам наглядно был показан полный

процесс переработки грунта на рекультивацию, а также технологии и оборудование, которые используются при этом.

- Наша компания стремится к открытости и вы своими глазами можете увидеть весь процесс очистки и переработки замазученных территорий, а также процесс использования переработанного грунта после проведения технической рекультивации – отметил в интервью журналистам, генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Мурат Мустафаев. - По собственной инициативе Подрядчика уже на очищенной и рекультивированной



территории осуществляются посадки зеленых насаждений. В целом, в дальнейшем наша компания будет стремиться к созданию зеленого оазиса на своих месторождениях.

В свою очередь руководитель департамента экологии Мангистауской области Руслан Туkenов поблагодарил АО «Мангистаумунайгаз» за открытость, отметив, что компания уже второй раз проводит пресс-тур.

- Во время первого пресс-тура, в 2021 году были показаны работы по очистке и ликвидации 10 полигонов с нефтяными отходами, – подчеркнул Руслан Туkenов. - В ходе нынешнего пресс-тура показаны работы по исполнению Меморандума. Компания активно освещает свои показатели в области экологии, всегда открыта не только для госорганов, но и для общественности. Департамент экологии Мангистауской

области высоко ценит результаты работы экологов и руководства АО «Мангистаумунайгаз» и желает компании не останавливаться на достигнутом и в таком же ритме продолжать работу.

- Хочется выразить большую благодарность АО «Мангистаумунайгаз» за открытость, за то, что приглашают СМИ, для демонстрации своей работы, - также отметил собственный корреспондент республиканского телеканала «Евразия» по Мангистауской области Нурбол Окуов. - Это очень важно, чтобы журналисты своими глазами увидели процесс работы по очистке замазученных территорий, и могли донести до населения. Сегодня нам это удалось, поэтому мы еще раз выражаем благодарность компании, надеемся, что другие крупные организации также присоединятся к инициативе АО «Мангистаумунайгаз».



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Құттықтаймыз!

❧ 80 жас ❧

Мехтиева Любовь - 25.09.1943 ж.

Ардуванова Асия - 26.09.1943 ж.

❧ 70 жас ❧

Ағатаев Майлыбай - 01.09.1953 ж.

Ібікбаева Еркеш - 02.09.1953 ж.

Айдарбаева Ағиба - 07.09.1953 ж.

Беканова Жұмагүл - 12.09.1953 ж.

Ищанова Гүлшара - 13.09.1953 ж.

Төлебаев Хикмат - 18.09.1953 ж.

Қазиева Өтесін - 26.09.1953 ж.



Құрметті әріптестер!

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына жазылыңыз:

Instagram



Facebook



YouTube



Telegram



Мұнда Сіз әрқашан біздің компания туралы өзекті ақпарат пен жаңалықтарды, маңызды іс-шаралар туралы хабарландыруларды, еңбек адамдары туралы очерктерді, сондай-ақ жаңа технологиялар туралы мақалалар мен жоғары сападағы фото-бейнелерді таба аласыз.

Біздің әлеуметтік желілерге жазыла отырып барлық жаңалықтардан хабардар болыңыз!

Уважаемые коллеги!

Подписывайтесь на официальные страницы АО «Мангистаумунайгаз» в социальных сетях:

Здесь Вы всегда найдете актуальную информацию и новости о нашей компании, анонсы важных мероприятий, очерки о людях труда, статьи о новых технологиях, а также фото-видео контент высокого качества и многое другое.

Подписывайтесь на наши соцсети и будьте в курсе всех событий!

Шеберлер жоба жұмыстарын сәтті қорғады



Осы жылдың сәуір айынан бастап «SBA» және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бірлескен күшімен компания қызметкерлері үшін «Өндіріс тірегі» мұнай және газ өндіру шеберлерін модульдік оқыту бағдарламасы жүзеге асырылды. Бұл оқу бағдарламасы шеберлердің кәсіби білімдерін жетілдіруге, сондай-ақ жеке және іскерлік құзыреттерін дамытуға мүмкіндік берді. Осылайша, өндірістік психология негіздері, өндірістік қатынастар, ысырапсыз өндіріс, шеберлердің жұмысы және ұңғымаларды жөндеу технологиялары мен жабдықтары, сонымен қатар шешендік өнер, цифрлық дағдылар, еңбекті қорғау, Excel бағдарламасында есеп беру бойынша курстар өткізілді. Сонымен қатар, бағдарламаға қатысушылар IOSH қауіпсіз басқарудың халықаралық бағдарламасы бойынша оқуға қатысып, сертификатталды.

Модульдік бағдарламаның оқытушылар құрамы мұқият іріктеуден өтіп, "SBA" тренерлері мен сарапшыларынан ұсынылды. Төрт модульден өтуі қатысушыларға кәсіби саладағы білімдерін тереңдетіп қана қоймай, өздерін көрсетуге, мазмұнды пікір-таластарға қатысуға мүмкіндік берді. Оқыту курстарынан өтумен қатар, «Өндіріс тірегі» мұнай және газ өндіру шеберлерін модульдік оқыту бағдарламасы аясында қатысушылар жобалық жұмыстарын дайындады.

«Өндіріс тірегі» мұнай және газ өндіру шеберлерін модульдік оқыту бағдарламасы шеңберінде қатысушылардың Еншілес және тәуелді ұйымдардың ағымдағы міндеттерінің балама шешімдерін табу үшін жобалық шешімдерді ұсынуын қарастырды. Қатысушылардың 2 командасы «Ұңғы өнімін бір қалыпты өндіру» және «Ұңғы сағасын оңтайландыру» тақырыптары бойынша жобалық жұмыстарын дайындады.

Комиссияның жобалық жұмыстарын қарап, бағалау үшін сараптама комиссиясының құрамында Бас директордың адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары Ван Хайцзюнь, Өндірістік-техникалық



департаментінің директоры Айдос Түйебаев, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары Сағыныш Оразбаев және «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары Дулат Сейбағытовтар болды.

Бас директордың адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары Ван Хайцзюнь қатысушыларға біліктіліктерін көтеріп оқу бағдарламасына қатысқандары үшін алғысын айтып еңбектеріне сәттілік тіледі.

Командалар сараптама комиссиясының алдында өздерінің жобалық жұмыстарын ұсынды. Сараптама комиссиясының мүшелері алынған ұсыныстарды қарап, ұсынылған идеялар бойынша сұрақтарын қойып, жобалар бойынша өз ойларын білдірді.

Жобаларды талқылағаннан кейін қорытындысын шығарды. Іс-шаралардың нәтижесін Ван Хайцзюнь мырза жариялады.

Сонымен бірге, бүкіл тренинг барысында өздерін өте белсенді көрсеткен қатысушылар анықталды. Осылайша, «Ең белсенді қатысушы» номинациясы бойынша жеңімпаз «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының өндірістік-технологиялық бөлімінің Ұңғымаларды ағымдағы жөндеу тобының инженері Базарбай Жұмаханов, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №2 Мұнай және газ өндіру цехының Ақсын-Қаламқас учаскесінің мұнай, газ және конденсат өндіру жөніндегі шебері Асхат Ерсұлтанов, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының технологиялық сұйықтықты дайындау цехының шебері Берекет Құлбатыров және «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының мұнай кәсіпшілігін ғылыми-зерттеу зертханасының ұңғымаларды зерттеу шебері Азамат Хисматуллин атанды.

Қатысушыларға мұнай және газ өндіру шеберлерін модульдік оқыту бағдарламасына қатысқаны туралы сертификаттарға қоса халықаралық IOSH сертификаттары және «Өндіріс тірегі» төсбелгісі табысталды.

Әріптестерімізді алған номинацияларымен құттықтаймыз! Ұсынылған жобалары сәтті жүзеге асып, компаниямыздың өндірісін дамытуға қомақты үлестерін қоса берсін деп тілейміз.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- А. Ақшаева
- Ж. Кемал.
Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000